Сыр бойы

№18 (20292)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

3 ақпан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

СҮБЕЛІ СӨЗ

• Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.
(Білге қаған)

• Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.
(Күлтегін)

ПРЕЗИДЕНТ

ЕНДІГІ ҰСТАНЫМ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Сырғақтатып сан соқпаққа салатын кез бұл емес. Сең көбесі сөгілді. Қоғамның жанын жегідей жеп, әбден тамырлап алған жемқорлыққа құрық салына бастады. Қазақ «Түпкі айылдың батқанын, иесі білмес, ат білер...» деген. Астарлы сөзде ақиқат бар.

Заң үстемдік құруы тиіс. Құқықтық мемлекет үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Онсыз оңалам деу – әурешілік.

Сыбайлас жемқорлықты ауыздықтаудың амалдары жасалып-ақ жатыр. Нәтиже жоқ емес. «Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деді Президент сейсенбіде өткен кеңесте.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңестің осы жолғы отырысы шын мәнінде, ерекше сипатта өрбіді.

Әрине, Президент айтқандай, құқық қорғау органдарының жұмысынсыз сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүлде мүмкін емес. Алайда, олардың істің себеп-салдарына терең бойламай, зерттемей, көп жылдар бойы пара алушыларды қылмыс үстінде ұстап келуінің өзі екіұшты ой қалдырады. Әртүрлі адам бір лауазымды атқарып отырып, бірдей мәселелерді шешкені үшін кінәлі деп танылған. Жемқорларды тұрақты түрде ұстап, түрмеге тоғытып отырған. Ал сыбайлас жемқорлықтың белең алуына қатысты себептер мен жағдайлар ешкімді қызықтыра қоймаған. Тек соңғы жылдары ғана осы мәселеге назар аударыла бастаған сыңайлы.

БЕС ЖЫЛДА 2 ТРИЛЛИОН НЕМЕСЕ СУБСИДИЯ ОРНЫНА КҮН БАТАРЕЯСЫ

Мына қызықты қараңыз. «Бармақ басты, көз қыстының» көкесі аграрлық салада жатыр. Бес жылда 2 триллион теңге, 960 қылмыстық іс, жайылымның өзін жөнге келтіруге бағытталған 80 миллиард теңгенің тең жарымы, субсидияның орнына күн батареясы, қысқасы, бұл саланың сіз бен біз біле бермейтін «хикаясы» жетіп-артылады.

– Бұл жерде ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің анықталғанын атап өтуге болады. Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін екі триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батуда. Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерді суландыруға бөлінген 80 миллиард теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былтыр қуаңшылық болған кезде шаруалар жем-шөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игердік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселеп көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек, – деді Президент.

2-бет

Жаһан жұртшылығы асыға күткен 2022 жылғы Қысқы Олимпиада ойындары жалауын көтеретін күн де жетті. Ертең, 4 ақпанда Қытай астанасы – Бейжің қаласында дүбірлі доданың алауы жағылып, жұмыр жердің әр қиырынан келген спортшылар жарыс жолына шығады. Төртжылдық доданың ашылу салтанаты Нұр-Сұлтан уақытымен 4 ақпан күні, сағат 17:55-те басталады.

Асыға күткен Ақ Олимпиада

Бейжіңде Ақ Олимпиаданың ашылуында еліміздің байрағын биыл алғаш рет бір емес, екі спортшы алып шығады. Оның бірі – шорт-тректен Қазақстан құрамасының көшбасшысы Абзал Әжіғалиев, екіншісі – конкиші Екатерина Айдова. Екі спортшымыз да құрамадағы тәжірибелі, жүлдеге таласуға мүмкіндігі жоғары спортшылар.

Беделді бәсекеге біздің еліміздің атынан 34 спортшы қатысады деп күтілуде. Қазақстандықтар 87 жолдама бойынша жүлдеге таласады. Олар шаңғы жарысы, фристайл акробатика және могул, конкимен жүгіру, шорт-трек, биатлон, тау шаңғысы, тұғырдан секіру, шаңғы қоссайысы сияқты 8 спорт түрінен сынға түседі.

Қысқы Олимпиаданы өткізу құқығын Бейжің 2015 жылы 31 шілдеде алды. Осылайша Қытай астанасы әлемде жазғы және қысқы Олимпиада ойындарын қабылдаған алғашқы қала ретінде тарихқа енгелі отыр.

Айтулы аламан «таза мұз бен қардағы қуанышты күн» ұраны негізінде ұйымдастырылады. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта миллиондаған қытайлықтардың қысқы спорт түрлеріне қызығуына жол ашады деп үміттеніп отыр.

4-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ: ДОНОР МЕН ҚАРЖЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

Бүйрек – адамның маңызды ағзасының бірі. Оның адам бойында 24 сағатта 180 литр қанды сүзіп, 1 минутта 80 мен 120 мл қанды сүзгіден өткізетін қызметі бар. Осылай ағзаны тазалап, қалдықтарды несеппен бірге шығарып, теңгерімді электролит деңгейін ұстап, қан қысымын реттейді. Оның қызметі бұзылса бүрісіп қалады. Басқа ағзалардың жұмысын баяулатады. Мұнан соң бүйрек аурулары, тас түзілу пайда болады. Біздің облыста бүйрек трансплантациясы бойынша 105 адам кезек күтуде. Өкініштісі, он бес жыл бойы кезегі келмеген жандар бар.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Бүйрек трансплантациясының күту парағында еліміз бойынша 4200 адам тұр. Тізім Қазақстан бойынша біріктірілген, Трансплант-тауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық арқылы басқарылады. Кезегін күткендердің бірі қала тұрғыны Нұрсұлтан Дәстенов «баспанамның жоқтығынан бұрын, бүйрек салдырта алмай жүргенім жаныма батады», – дейді.

4-бет



САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

Облыста эпидемиологиялық жағдай тұрақталды. Қазіргі кезде инфекциялық стационарда 253 адам, жансақтау бөлімінде 25 науқас ем қабылдауда. Сондай-ақ, өңірдегі барлық емханаларда вакцина қоры жеткілікті.

30513 адам «Pfizer» вакцинасын алған

– Өңір санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың тұрақталуына байланысты «сары аймақ» қатарында. 2 ақпандағы мәлімет бойынша 20 жағдай тіркеліп, аурушаңдық деңгейі салыстырмалы түрде төмендегені байқалады. Сонымен қатар, 72515 облыс тұрғыны ревакциналаудан өтті. Оның 4 мыңнан астамы американдық «Pfizer» вакцинасын салдырды. Жалпы облыс бойынша вакцинаның I компонентін 93 процент, II компонентін алғандар 89,8 процентті құрады. Ал 30 513 адам «Pfizer» вакцинасын алды, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Жалпы Қазақстанда 2 ақпандағы жағдай бойынша 7149 адамда коронавирус індеті ПТР арқылы расталып, ауырғаны белгілі болды. Ал коронавирусқа қарсы вакцина салдырғандар саны 10 млн-ға жуықтады. Нақтырақ айтқанда, вакцинаның I компонентін 9203671 адам салдырса, II компонентін 8775383 адам алған. 1 ақпандағы мәлімет бойынша «Pfizer» вакцинасының I компонентімен қамтылған жасөспірімдер – 531698, жүкті әйелдер – 26268, бала емізетін әйелдер – 83070. II компонентін салдырған жасөспірімдер – 279444, жүкті әйелдер – 16306, бала емізетін әйелдер – 47 278.

«СБ» ақпарат

Жергілікті еңбек ресурстарын тарту маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Лукойл» мұнай компаниясының президенті Вагит Алекперовті қабылдады.

Қазақстан Президентіне мұнай компаниясының Қазақстандағы атқарып жатқан жұмыстарының қорытындылары және көмірсутегі секторындағы бірқатар бірлескен жобаларға қатысты жоспардың жүзеге асырылу барысы туралы есеп берілді.

Вагит Алекперов «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен «Лукойл» жария акционерлік қоғамы арасындағы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеру жөніндегі жобалар бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын айтты. «Жеңіс» және «Әл-Фараби» жобалары аясындағы жер қойнауын пайдалануға қатысты келісімшарттар жасалып, жұмыстар басталды. Сондай-ақ «Лукойл» мұнай компаниясы – «Қаламқас-теңіз» бен «Хазар» теңіз кен орындарын игеру жөніндегі стратегиялық серіктес.

Мемлекет басшысы қосалқы мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыруға қазақстандық компаниялар мен жергілікті еңбек ресурстарын барынша тарту маңызды екенін атап өтті.

ӨҢІР ӨНІМІ

«Шиелі Шұжық» сапалы өнім шығарады

Шиелі ауданындағы «Шиелі Шұжық» ЖШС шұжық цехы қазіргі кезде аудан ғана емес, облыс көлеміне жақсы танымал. Одан шыққан өнімдер дастарханның сәнін келтірумен қатар, дәмін татқан жанның таңдайында қалады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Сонау 2005 жылы құрылған цех біршама қиындықтарға байланысты 2017 жылы жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен, кәсіпорын басшысы, белгілі кәсіпкер Патима Маханбет қиындықтан шығудың жолын іздеп, өндірісті іске қосты. Осылайша кәсіпорын 2020 жылы жұмысын қайта бастады. Кәсіпкер «Байқоңыр» ӘКК-дан осы жобаға 32 млн теңге несие де алды. Істің көзін тапқан кәсіпкерге кешегі пандемия да қолбайлау болмады. Жаңа құрылғылар сатып алып, жұмысын жандандырған кәсіпкер бүгінгі күні 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Цехта заманауи жабдықталған құрылғылардың арқасында күніне 500 келі шұжық өндіріледі. Жалпы мұнда шұжық өнімдерінің 12 түрі бар.

– Өнімді нарыққа емін-еркін шығару үшін талапқа сай барлық жұмыстарды

жасадық. Сертификат, арнайы штрих-код та алдық. Ендігі мақсат – өнімнің сапасын тұтынушыларға түсіндіру, сапаның жоғары екеніне көз жеткізу. Өйткені сырттан келетін шұжық өнімдері өте көп. Нарық болғасын бәсеке қызу. Сондықтан тұтынушылар қатарын арттыруымыз қажет, – дейді Патима Шаймерденқызы.

Сондай-ақ, кәсіпкер қазіргі кезде облыс әкімінің қолдауымен 2 процентпен 20 млн теңге несие алған. Ол қаржыға мал, жем-шөп алып, цехқа қажетті ет өндірілуде.

– Әр кәсіптің өз қиындығы болады. Әсіресе, өндіруші кәсіпкерлердің жұмысы ауыр. Өндірген өнімді дүкен иелеріне апарып, оның сапасын, дайындалуын түсіндіруге тура келеді. Сондайда тыңдағысы келмейтін кісілер де көп кездеседі. Амал жоқ, өнімімізді сату үшін кейде бір жерге бірнеше рет баруымызға тура келеді. Мен цехқа технолог маманды Тараз қаласынан алып келдім. Көпжылдық тәжірибесі бар білікті маман. Қазір енді осы салада оқыған бір жас қызды үйретіп отырмыз. Жұмысқа жастарды көптеп тартудамын. Өйткені келешегіміз жастардың қолында. Олардың білгенін, үйренгенін қалаймын. Аудандық жұмыспен қамту бөлімімен тікелей жұмыс жасаймын, – дейді кәсіпкер.

Патима Маханбет аудан, облыс орталығында өткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне де тұрақты қатысады. Тұрақтылық, әрине, тұтынушы талғамынан табылу деп білеміз.

ЕНДІГІ ҰСТАНЫМ ӨЗГЕРМЕЙДІ

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ САТЫП АЛУЛАРДЫҢ САЛДАРЫ

Ақпараттық жүйе мен деректер базасына да мұқият зерттеу қажет. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қырағы болмаса қиын. Мемлекет басшысы мемлекеттік құрылымдар әзірлеген барлық ақпараттық жүйеге тексеру жүргізу керек екенін шегелеп айтты.

– Олар қандай міндеттер орындайды, оларға кімнің қолы жетімді, қанша қаржы жұмсалды, азаматтар мен мемлекетке одан қандай пайда бар? Цифрландыру жөніндегі жұмыстардың басымдықтары нақты жүйеленуі керек. Мемлекет қызмет түрлерін алуды шынайы түрде жеңілдететін «Электронды үкімет» немесе жүргізушілердің жол жүру тәртібін күшейткен және жол режелерінің бұзылуын тіркеуде адами факторды алмастырған «Сергек» сияқты жобалар болса, онда жөн. Сонымен қатар егер цифрландыру деген желеумен бюджеттен қаржы жұмсалып, кейін ешкімге қажеті жоқ ресурстарға көрсетілген қызмет үшін біреулер миллиондап алатын болса, онда әңгіме басқа, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Кеден, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларында да жемқорлыққа қатысты шикілікті ширатып алатын уақыт жетті. Президент атап өткендей, жауапты министрліктер жемқорлықты жүйелі түрде жою жөнінде жоспар әзірлеуі қажет.

– Бұл жоспарды бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша мұқият пысықтап, ұсынуды тапсырамын. Барлық іс-шараны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен келісу қажет. Құзырлы органдардағы бірінші басшылардың жұмысын жемқорлықпен күрес көрсеткіші арқылы да бағалайтын боламын, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет белгілейтін бағаларды реттеуге қатысты да Президент мәселені өткір қойды. Тиісті уәкілетті органдар бағаны белгілеген кезде оның қаншалықты негізді екенін мұқият қарауы керек. Мұның астарында экономикалық себептен бөлек, біреудің жымысқы әрекеті жатқан жоқ па деген сауал туындайды.

– Мысалы, отандық өнім өндірушілер теміржол саласын жемқорлық жайлағанын айтып, үнемі шағымданады. Кәсіпкерлер нақты бір нысанға апаратын теміржолды пайдаланғаны үшін төлейтін ақының көлеміне байланысты наразылық білдіруде. Осыған орай, бір уақытта бірнеше өңірден – Қостанай, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Ақмола және Павлодар облыстарынан арыз түскен. Монополист компаниялар бағаны өз бетімен еселеп өсірген. Бұл халық тұтынатын тауарлардың бағасына бірден әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың тұтас жүйесін қайта қарауды тапсырды. Жұмыс өнімді әрі сапалы болуы үшін мемлекеттік сатып алуларға беделі, тиісті техникасы, соғұрлым білікті жұмысшылары бар, салықты уақытылы төлейтін өндірушілер қатысуы керек.

– Қазір сыбайлас жемқорлықты нақты жоюдың орнына, процесті бюрократияландыру жүріп жатқанын көріп отырмыз. Тапсырысты орындаушыны таңдауға бірнеше ай кетеді, бірақ бәрібір сапа мен адалдық жетіспейді. Қолданыста бар нормативтік сүзгілерге қарамастан, қандай тендер болсын, оны кім жеңетіні көбіне белгілі болып тұрады. Мәселен, екі жылда «Қазавтожол» техникалық қадағалау қызметі 99 сатып алу конкурсын өткізген. Олардың тең жартысын үлестікке қатысы бары айқын төрт компания жеңіп алған. Ал елімізде аккредитациядан өткен екі мыңнан астам ұйым мен сертификатталған алты мыңнан астам сарапшы бар. Сондықтан халықаралық деңгейдегі компаниялардың мемлекеттік сатып алуларға сирек қатысатынына таңғалуға болмайды, – деді Президент.

Жасыратыны жоқ, мемлекеттік сатып алуларға байланысты ахуал өте күрделі. Енді ескі сарын, бір әуенге жол жоқ. Бәрі реттелуі, мемлекеттің қаржысы мақсатты түрде нақты іс жүзінде жұмсалуы тиіс. Үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеу тәсілдерін, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгертуі қажет. Сонымен қатар Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңды түбегейлі жаңарту мәселесін қарастыруға тиіс.

КЕДЕНДЕГІ КӨЛЕҢКЕЛІ АЙНАЛЫМ

Кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салық және кеден саласындағы сыбайлас жемқорлықты жою мәселелеріне арнайы тоқталды.

– Қытаймен өзара сауда-саттық туралы екі елдің статистикалық мәліметтері екі түрлі. Олардың арасында миллиардтаған доллар айырмашылық бар. Былтыр бұл көрсеткіш 5,7 миллиард долларға жетті. Мұндай үлкен айырмашылық қалай пайда болғанын ешкім түсіндіріп бере алмайды. Ашығын айтқанда, бұл – контрабанда. Келеңсіздіктің бар екенін кәсіпкерлер де растап отыр. Сауалнамаға қарасақ, шетелмен сауда жасайтын адамдардың 90 пайызы жемқорлықпен бетпе-бет келген. Оның ішінде 45 пайызы кеденшілерге пара беруге мәжбүр болған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан облысындағы үш көліктік бақылау бекетін жемқорлық әбден жайлағанын анықтады. Елімізде мұндай 49 бекет бар. Кеден және көліктік бақылау саласындағы парақорлық транзиттік әлеуетімізді толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен, келелі кеңесте көп жайттың басы осылай ашық айтылды. Бұл ретте халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтуге ерекше мән беру қажеттігі де қалыс қалған жоқ. Ал, ең бастысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ендігі ұстаным өзгермейді.

– Қоғамның басты талабының бірі – әділдік пен заң үстемдігін орнату. Бұл жолдағы ең үлкен кедергі сыбайлас жемқорлық екені сөзсіз. Біз осы қоғамдық кеселді қалайда жеңуіміз керек. Бұған қатысты менің ұстанымым өзгермейді.

Жемқорлықпен батыл күресіп жүрген азаматтарға барынша қолдау көрсетемін. Бұған еш күмән болмауы қажет. Ал, міндетін адал атқарғысы келмейтін адамдарға біздің қатарымызда орын жоқ.

Олармен сөз де – басқа, жолымыз да – бөлек, – деді Президент.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Бәшімов қоғамдық бақылауды кеңейтуді және мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етуді ұсынды.

– Кадр мәселесінде адамның моральдық тұрғыдан таза болуы керек екеніне баса мән берілгенін қалаймын. Оның сыбайлас жемқорлыққа қандай да бір қатысы бар деген сыбыс мүлде болмауы қажет. Кейде қарайсың, оқисың: әкімдер әлдебір мемлекеттік сатып алуларды қайталайды, бір қызметтен екінші қызметке ауысады. Мұны жұртшылық ауыр қабылдайды. Барлық мемлекеттік орган және жұртшылық әрдайым бірге күш жұмылдыра отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және өскелең ұрпақтың тәрбиесіне атсалысуға тиіс, – деді Марат Бәшімов.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындаған кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қорытынды анықтамасын міндетті түрде талап ету қажеттігін айтты. Жиында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов, Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашүкеев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөз сөйледі.

1-бет

Қ.ӘБІШ

«Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қазбекова Мира Жомартқызы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1	60-53-20
2	Әбілдаев Қуаныш Әділбайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма 16.00-18.00		60-53-17
3	Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сейсенбі 16.00-18.00		60-53-27

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Ортақ мәселелер талқыланды

Мемлекет тұтастығын сақтап, қоғамдық тәртіпті нығайтуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылдың 11 қаңтарында Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында ұлттық қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету бойынша нақты стратегиялық тапсырма берді. Бұл ретте өңірлерде қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіп сақтау шараларын күшейтуде Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру бойынша арнайы Жол картасы қабылданып, көзделген іс-шаралар жүзеге асырылуда.

1 ақпан күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Ұлттық Ұланы «Оңтүстік» Өңірлік Қолбасшылығының қолбасшысы Талапкер Әмриевпен кездесіп, қоғамдық тәртіпті қадағалау шаралары бойынша пікірлесті.

Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғаниев, Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев, ҚР Ұлттық Ұланы «Оңтүстік» Өңірлік Қолбасшылығына қарасты әскери бөлімінің командирі Төлеби Чубаев және бірқатар салалық басқарма басшылары қатысты.

Талапкер Әмриев бірқатар ұсыныстарын жеткізіп, ортақ мәселелер бойынша пікір алмасты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК ҺӘМ ОТАНШЫЛ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қауіпсіздік жүйесін толық өзгерту керек екенін айтты. Бұл ретте Қарулы күштер, Құқық қорғау органдары, Ұлттық қауіпсіздік, Сыртқы барлау қызметтері жұмысын жүйелеп, оларға жағдай жасау үшін жалақысын арттыруды тапсырды. Президент тапсырмасын орындау арнайы жасақтардың санын көбейту, жаңа техникамен жабдықтау, барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысын көтерумен ғана шектеле ме? Жалпы, саладағы реформа қандай өзгерістер әкеледі? Осы өзекті тақырып аясында полиция полковнигі, ҚР Ішкі істер министрлігінің Құрметті қызметкері Әмірбек Шаймағамбетовпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Әмірбек Бердібекұлы, қаңтар трагедиясы кезінде тәртіпсіздіктерге қатысқандардың басым бөлігі жастар. Сіздің ойыңызша, оған не себеп?

– Қазір елдегі жастар үшке бөлініп кеткен. Орта таптан шыққандары бар, ешқайда оқымаған, жұмыссыз жастарымыз да жетерлік. Төрт құбыласы түгел, елде болып жатқан мәселенің ешбірін елемейтіндер де бар. Оларды толғандыратын мәселелермен айналысып, бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолға қойылмай келеді. Қаншама жастар ұйымдары, жастар саясатымен айналысатын мекемелер бар. Барлығы көзбояушылыққа ғана жұмыс жасайтын сияқты. Тақырыбы да түсініксіз форумдар, басқа да науқандармен шектеледі. Белсенді атанып, Тәуелсіздіктің 30 жылдығында бірі қалмай марапат-медаль тағынғандар, қаншама институттар, бағдарламалар бар. Бірақ тәртіпсіздіктер кезінде, оған дейінгі митингіде ешқайсысын көре алмадық. Бұрын праймериз, басқа да науқандарда есіктен есікке кіріп, белсеніп жүргендер қайда? Дін өкілдері ше? Аланда неге төбе көрсетпеді? Себебі ешбір институттың халық алдында беделі жоқ.

Тағы бір мәселе – билік пен ресми БАҚ өкілдерінің айтып жүргені мен тәуелсіз басылымдар, әлеуметтік желілердегі ақпараттың арасындағы алшақтықтың жоғарылығы. Халықтың көкейіндегі, ел ішінде айтылып жүрген нәрселер сол күйі қалып жатады. Біз айтқан институттар халықпен бір толқынға түсе алмай отыр. Жұрт өзінше, бұлар да өз әлемінде өмір сүріп келді. Әйтпесе, қаншама шағымдар, талап-тілектер айтылуда. Бірақ оларға қатысты бірде-бір ресми мәлімдеме жасалмайды, жарытып жауап берілмейді. Басқаша айтқанда, жай ғана жұрттың сөзін елемейді.

– Қазір облыс орталығында 5 қаңтарда орын алған тәртіпсіздіктер бойынша тергеу амалдары жүруде. Тергеу органының әрекетіне көптеген шағымдар айтылуда. Оларды да елемеуге болмайды гой...

– Әрине. Біз қаңтар қасіретінің екінші толқынынан қорқуымыз керек. Сондықтан, әрбір құзырлы орган өз тірлігімен айналысқаны жөн. Қазақ «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» дейді. Мысалы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті терроризм, басқа да мемлекеттік құрылымға қауіп төндіретін радикалды ұғымдармен күресуі қажет. Ал, көшеде жүрген патрульдік полиция кімнің содыр, кімнің бейбіт тұрғын екенін қайдан біледі? Тергеу кезіндегі заңсыздықтар, жөнсіз қамау, ұрып-соғу жағдайлары халықтың ашу-ызасын тудырып, мемлекетке, билікке, құқық қорғау органдарына деген сенімсіздікті өршітіп отыр. Бұл – өте ойландыратын, тез арада шара қабылдауды қажет ететін нәрсе. Әр ақпаратты зерделеу, шынайылығын тексеру керек. Бірақ бұл сол ақпаратты жариялаған адамды жазалау деген сөз емес. Оны тіркеп, ресми түрде арыз ретінде қабылдап, заң аясында шара көру қажет. Жалған ақпарат болса, таратушыны әкімшілік жауапкершілікке тартсын. Ал шын шағым болса, оған жеткізіп отырған мемлекеттік немесе құқық қорғау органы кінәліні заң аясында жауапқа тарта отырып, халыққа атқарылған жұмыстың толық ақпаратын беруі қажет. Кері байланыс керек.

– Тәртіпсіздіктер кезінде қаладағы күштік құрылымдар неге абдырап қалды?

– Біле білсек, адам шығыны, материалдық шығын жағынан Қызылорда Алматы қаласынан кейін тұр. Біріншіден, біз сырттан әскер алдыруға мәжбүр болатындай емес едік. Сырттан келген 2 мың әскерден өз қарулы күштеріміздің әлеуеті әлдеқайда жоғары. Айталық, террорлық шабуылдарға осал нысандар тізімі болады. Қаладағы сондай нысандардың ешбірі қорғалған жоқ. Мысалы, Қорқыт ата әуежайын алайық. Жанында Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімшесі бар. Бірақ ондағы әскер әуежайды қорғауға алуы үшін министрліктен бұйрық түсуі керек. Бұйрықсыз ешкім орнынан қозғалмайды. Тағы бір мысал. Жергілікті полиция ғимаратында атыс болып, жер-жерден өрт шығып жатты. Таяқ тастам жерде шекара әскерінің отряды тұрды. Неге көмекке бармады? Өйткені бұйрық болған жоқ. Жанындағы облыстық сот ғимараты жанып жатқанда телеарна басшылары да құқық қорғау органдарына хабарласып, жауап ала алмады. Біз айтқан су қоймасы, жылу-электр орталығы деген сияқты маңызды нысандар да күзетпен қамтамасыз етілмеді.

Ал, олардың барлығы үш күн дүрбелең болып жатқанда өз қауіпсіздігі қамтамасыз етілмесе де, міндетін мұлтіксіз атқарды. Ол үшін барлық коммуналдық сала қызметкерлеріне, мекемелеріне алғыс айту керек. Медицина қызметкерлері де от пен оқтың арасында жүріп жұмысын істеді.

– Сонда күштік құрылымдар қалай әрекет етуі керек еді?

– Дағдарыс жағдайы деген болады. Онда барлық құрылымдар бірге жұмыс атқаруы, бірінші кезекте стратегиялық маңызды нысандарды қорғауы керек. Бір ауыздан, бірлесе әрекет етуі тиіс. Өртеп, тонап жатқанда неге күтіп отырдық? Себебі, сол жұмысты үйлестіретін кадрлар болмады. Дағдарыс жағдайындағы іс-әрекеттерге дайындық жасалмаған, жүйелі жолға қойылмаған. Оны мойындауымыз керек.

Адам өліміне әкеліп соқтырмайтын іс-әрекеттер, шаралар, травматикалық қарулар болады. Көзден жас шығаратын газ, су шашатын көліктер, пластикалық оқтар – біздің полицейлер солардың барлығымен жабдықталған. Әрине, бұл қарулар да халыққа емес, тек шектен шыққандарға қолданылуы керек. Тәртіпсіздіктер кезінде соны неге қолданбады? Полиция газды гранаталарды да дұрыс пайдалана алмады. Жел жағына атып, өздері сол түтінге тұншығып қалды. Жергілікті полиция мен ішкі істер департаменті өз қару қоймаларын сақтап қала алды. Оның ерлік екенін айту керек. Ол қару басқа ниеттегі адамдардың қолына түспегеніне шүкір. Ал, халықты кім қорғайды?

– Демек, тәртіпсіздіктерге жол бермеуге күштік құрылымдардың қазіргі әлеуеті жетеді гой?

– Реформа арқылы мықты әскер құрамыз дейміз. Бірақ халықты әскермен ала алмайсың. Әскер санын көбейтіп, жалақысын арттыру да мәселенің шешімі емес. Жеткілікті күштік құрылымы бар кішкентай қалада мұнша тәртіпсіздікке жол беру ақылға сыймайды. Алаңға шыққан халықтың саны олардан әлденеше есе аз. Оған қоса, тәртіпсіздік жасап, қалада ойран салып жүрген отыз шақты адам ғана. Қалғаны қара көбейтіп айқай салып, кәдеге жараған нәрселерді ұрлап жүргендер. Террористтер әкімдіктегі автокөліктердің айнасын, терезесін сындырып, дөңгелегін, аккумуляторын ұрлап жүрер ме еді? Бұл – жоқшылық қысқан адамдардың әрекеті. Сондықтан, мәселе күштік құрылымдарды қайта жабдықтап, жалақысы мен санын арттырумен ғана шешілмейді.

– Сонда біз реформадан не күтеміз? Қандай мәселелер назарға алынғаны жөн?

– Реформа бір күнде жасалмайды. Біз барлық салада 30 жыл бойы реформамен келе жатырмыз. Отыз үш жылдан астам уақыт күштік құрылымдардағы тәжірибеме сүйене отырып, бірнеше мәселеге тоқталғым келеді. «Өз әскерін асырағысы келмеген халық басқаның әскерін асырайды» деген сөз бар. Елімізде орын алған қаңтар трагедиясы – егемендік алғалы бергі ең үлкен трагедия. Сондықтан реформаны тез арада жүргізу туралы Президент талабы дұрыс. Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру, соңғы талаптарға сай жаңарту міндеті тұр. Соңғы үлгідегі техника, видеофиксация болғаны өте дұрыс.

Екінші – сапаға көңіл бөлу керек. Тек полиция қызметкерлері емес, барлық әскер, Ұлттық Ұлан, басқа да күштік құрылымдар да. Бұрын ішкі істер қызметкерлерін жан-жақты дайындайтын. Кемінде 4-5 жыл оқитын. Қарағанды жоғары милиция мектебі, Қостанай мен Ақтөбеде орта оқу орны, Алматы академиясы болды. Қазір оңтайландыруға байланысты көптеген арнайы оқу орындары біріктірілді, азайды. Байқасаңыз, қазір ішкі істер саласына жеке ЖОО бітіргендер, арнайы оқу орындары емес техникалық білімі барларды, ЖОО кафедраларын бітіргендерді ала бастады. Тіпті ішкі істер саласында қазір ешқандай оқу бітірмеген, арнайы психологиялық, моральдық дайындықтан өтпеген азаматтар көптеп қабылдануда. Қазір жергілікті бюджет есебінен кадр саясатына көңіл бөлу керек. Физикалық тұрғыдан, моральдық жағынан тексеруден өтуі керек. Бұрын алты айға дейін тексеруден өтетін. Отбасы, басқа ағымдарға қатыстылығы деген сияқты. Салаға іріктеу кезінде ешқандай сыбайлас жемқорлық, тамыр-таныстыққа жол бермеу маңызды. Бұл – өте көп айтылып жүрген мәселе. Анау офицердің «ставкасы» осындай деп, тіпті ел айтып жүр. Ауруын жасырған өледі дейді. Құқық қорғау саласына олай қызметке алуға болмайды. Аз болса да сапалы кадрлар керек. Барлығы кадрға байланысты.

– Әлеуметтік желіде, ел арасында полиция қызметкерлерінің дөрекілігі жөнінде көп айтылады. Қандай шаралар қолға алынғаны дұрыс?

– Оған себеп, көбіне білім деңгейінің төмендігі. Себебі азаматтар ішкі істер органдарына кірсем көптеген артықшылықтарға ие болам, мені ешкім тоқтатпайды, қалай болса солай жүруге, жол ережесін де сақтамауыма болады деген сияқты ойда келеді. Өзінің басқадан үстемдігін көрсеткісі келу, дөрекілік, басқа да жағдайлар желіде көп жарияланады. Осындай деректер, жемқорлық фактілері бойынша кешенді саясат жүргізу керек. Сала іштен тазаруы керек.

Халық алдындағы полицияның сенімін арттыру үшін әр өңірде кішкентайынан полиция, ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет етуге, әскери борышын өтеуге азаматтарымыздың өзі ынталы болуы керек. Керісінше, әртүрлі жолмен әскери борышынан қашатындар көп. Әскери қызметтің, құқық қорғаушылардың ел алдында сыйлы болу үшін білімді, тәрбиелі азаматтар, психикалық-моральдық тұрғыда тұрақты адамдарды көптеп қабылдау арқылы сапасын жақсарту керек. Кешегі оқиғалардан қызметтік борышын орындау кезінде жастай қыршын кеткен азаматтар да, әлеуметтік желіде тараған ақпараттардан киімін, қолындағы қаруын тастап, халық арасына өтіп кетіп жатқандар да бар. Бұл жерде алдымен әскер мен полицияны халыққа қарсы қоймау керек. Дегенмен, құқық бұзушылық, қылмыстық әрекеттер, тәртіпсіздік кезінде сала адамдары антына берік болуға тиіс. Қандай жағдайда да бұйрық орындалуы қажет.

– Кейбір лауазымды басшылардың заңсыз әрекеттерге барғаны, Отанға опасыздық бойынша қамауға алынғаны халықтың қорғаныс, құқық қорғау салаларына деген сеніміне қаншалық әсер етті?

– Салада әлемдік деңгейде алдыңғы қатарда саналатын кадрларымыз баршылық. Ендігі мәселе – жауапкершілік. Қабілетіне қарай саладағы білікті мамандарды тағайындап, әр күштік құрылым өз ішінен тазалануы керек. Ауруын жасырған өледі. Ал диагноз – сыбайлас жемқорлық, жеке мүддесін ғана көздейтін адамдардың болуы. Елжанды азаматтар керек. Сондай-ақ, біржылдық мерзімді әскери қызмет деген сапасыз нәрсе. Кеңес кезінде оның мерзімі екі жыл, әскери флотта үш жыл болды. Кешегі Ұлттық Ұлан қатарындағы соққыға жығылғандар мен қаза тапқандардың көбі курсанттар. Он сегіз жасқа енді толған олар не көрді өмірден? Әскерге алынғаны кеше ғана. Бұрын әскерде бір жылға дейін қару ұстатпайтын. Саптық жүріс пен командаға бағынуды үйрететін. Әскери жарғыны жаттататын. Сондықтан әскери қызмет мерзімін екі жылға ұзарту керек.

– Реформадан қоғамдық тәртіпке оң әсер ететін қандай шаралар күтсек болады?

– Жастарды тұрақты жұмыспен қамтымай, білімді қолжетімді етпей қоғамдық тәртіп мәселесі күрделене береді. Елде жұмыссыз жастар көп. Митингіге шығуға да негізінен әлеуметтік теңсіздік себеп болды. Жастардың көбінде оқуға мүмкіндік жоқ. Ал, жұмысқа дипломы бар жастардың да орналасуы қиын. Кей жерлерге тамыр-таныс керек, көп жерде пара сұрайды. Әскерге барғылары да келмейді. Жастар қайтеді сосын? Такси болады, базарда сауда жасайды. Көбі жалдамалы пәтерде тұрады. Қылмысқа бейім. Қазақ баласын үш ауыз сөзбен тәрбиеледі гой. Сол идеология неге жастарға жүрмей қалды? Ұлттық құндылықтарды дұрыс насихаттай алмай отырмыз. Әскердің саны мен ақшасын көбейтіп, ешкімді басып ұстай алмайсың. Ұлттық сана-сезімді ояту керек. Әр қазақ біреудің мүлкіне зиян келтіру, ұрлықтың сүйекке таңба екенін білуі тиіс. Отан осыдан құралады.

Газды граната мен су шашатын көліктер әкеліп халықты сабырға келтіре алмайсың. Қасқырдың бөлтірігін өлтірсең, басқа қиянат қылсаң қасарысып алады. Қазақ та қойдан жуас көрінсе де, бөрі мінезді халық. Көрер көзге жасалған қиянатқа көнбейді.

Қорыта айтқанда, реформа үшін өзге елдердің барлығының тәжірибесі бізге жарамсыз. Қазақ бірегей ұлт екенін түсінетін уақыт жетті. Әлеуметтік теңсіздік мәселесін шешіп, тұрмыс деңгейін көтеру керек. Жастарды жұмыспен қамтып, білімді қолжетімді ету қажет. Барлық өңірлерде кадет корпустарын ашып, отаншыл жастарды кішкентайынан тәрбиелейік.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Х.БЕКТҰРҒАНОВ – 100

ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ТҰЛҒА

Кез келген адамның жас кезінен есінде қалған ұмытылмас әсерлі сәттері болады. Өзім сондай сәттердің бірі ретінде Қызылорда қаласындағы орталық стадионның ашылу салтанатын айтар едім. Бала кезіміз ғой, шамасы 4-5-сынып оқушысымыз. Жаңа стадионның ашылатыны туралы бірнеше күн бұрын тұрғындарға көшпелі радиомен хабарлап, қаланың әр тұсына, қоғамдық көліктерге жарнама ілініп жатты. Спорт нысаны ашылатын күні ағылған халықтың нөпірі өте көп болды. Жиналған халықтың аузында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хасан Бектұрғановтың атына айтылған жылы сөздердің есебі болған жоқ. Түсінгенім, облыс басшысы – спортты жақсы көретін, футбол десе ішкен асын жерге қоятын адам. Қызылордада стадион салдыру үшін жоқтан бар жасаған. Қысқасы, сол кісінің табандылығының арқасында жүзеге асқан.

Sb **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**
«Сыр бойы»

Қателеспесем, осы күні стадионда Қызылорда мен Жамбыл қаласының футбол командалары кездесті. Соның алдында ғана Х.Бектұрғанов Жамбыл облысына басшылыққа тағайындалып, Қызылордадағы соңғы жұмыс күнін атқарып болып жатыр екен. Матч біткеннен кейін жаңа қызметіне кірісу үшін ұшаққа отырып, Жамбыл қаласына жол тартқан.

Осылайша Хасан Шаяхметұлы Бектұрғанов Сыр халқының жадында қалған еді. Оның есімі біздің облысты басқарып, жұртшылық ықыласына бөленген қайраткер азаматтардың қатарынан ойып тұрып орын алады.

Бектұрғанов туралы бүгінде аймақтағы тек аға ұрпақ өкілдері ғана біледі десек, сөзіміз қате болуы мүмкін. Жас ұрпақ та хабардар деп ойлаймын. Өйткені, қазір Қызылорда қаласында бір көше Бектұрғанов есімімен аталады. Елі ардақ тұтқан азамат тұрған үйге ескерткіш тақта қойылған. Орталық спорт мектебіне ол кісінің есімі берілген.

Әрине, бұл құрмет тек стадион құрылысына ғана байланысты емес, жалпы облыста атқарған еңбегіне орай жасалғанын ескерген жөн. Тағы бір ескерер жайт, тек қызылордалықтар ғана емес, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақтөбе, Жамбыл халқы да оның есімін мақтан тұтады. Себебі ол бірнеше облыста партия жетекшісі, бірінші басшы қызметін атқарып, талай игі іске ұйтқы болған.

Жалпы, Хасан Шаяхметұлының бүкіл өмірі туған еліне аянбай қызмет етумен өткені ақиқат. Өйткені, даналығымен, даралығымен ерекшеленген Хасан Шаяхметұлы адалдығымен, іскерлігімен, тазалығымен, біліктілігімен артында өшпес із қалдырған. Қазақстанның төрт облысын 29 жыл басқарған, КСРО Орталық Комитетінің пленум мүшесі болған қайраткердің туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

Ол 1922 жылы 3 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданында дүниеге келген. Отбасындағы төрт баланың үлкені. Әкесі Сібір ауылшаруашылық академиясының түлегі, ғалым-агроном Шаяхмет Тастемірұлы Бектұрғанов 1937 жылы жаламен ұсталып, әйгілі 58-баппен репрессияға ұшырайды. 1939 жылы анасы дүние салғанда ол мектепті бітіріп жатқан болатын. Осыдан кейін ізінен ерген інілері мен қарындастарына қамқорлық жасау жүгі оның иығына артылды. Ал соғыс басталып, әскер қатарына шақырылғанда он тоғыз жаста еді.

1941 жылы Фрунзе (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітіргеннен кейін 38-атқыштар дивизиясының құрамында взвод командирі болып, Калинин және солтүстік-батыс майдандарындағы шайқастарға қатысқан. 1942 жылы сәуір айында 8-гвардия И.В.Панфилов дивизиясында полк комсоргі болады. Мәскеу түбіндегі шайқастардың бірінде ауыр жараланып, госпитальге түседі. Шыққаннан кейін 1943 жылдың сәуір айынан 19-гвардия атқыштар дивизиясына полк комсоргі ретінде жіберіліп, соғысты аяқтайды.

Соғыстан кейін Петропавл қаласына оралған соң Солтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің нұсқаушысы, кейіннен Совет, қазіргі Аққайың ауданы партия комитетінің хатшысының орынбасары болды. Осы кезеңде Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітіреді.

1958-1966 жылдары Көкшетау, кейіннен Ақтөбе облысы партия комитеттері хатшысының 2-орынбасары, атқару комитетінің төрағасы лауазымында қызмет атқарған. Қызылорда облысына басшылық жасаған кезеңі – 1966-1983 жылдар. Мұнан кейін Жамбыл облысы партия комитетінің 1-хатшысы қызметін 11 жыл атқарып, құрметті демалысқа шығады. Ленин (екі рет), «Октябрь Революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» (екі рет), I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және көптеген медальдармен наградталған.

Бүгінгі күні Хасан Шаяхметұлы туралы естелік айтатын, онымен бірге қызмет атқарған адамды табу қиын. Олардың көбісі бақилық болып кеткен. Әйтсе де ол кісінің 80 жылдығын атап өту қарсаңында естеліктер жинағы кітап болып басылып шыққан екен. Сол кітапқа қызметтес болған бірқатар азаматтың естеліктері енген. Олар – облыстық партия комитетінің 2-хатшысы Сайдалим Танекеев, облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Абдолла Дәулетов, Шиелі аудандық партия комитетінің 1-хатшысы Орынбасар Бәйімбетов, Сырдария ауданы партия комитетінің 1-хатшысы Еламан Жүнісбаев және өткен ғасырдың 70-жылдар басында Қызылорданың «Автомобилист» футбол командасының бас бапкері болған, қазақ футболының аңызы Тимур Сегізбаев.

Олардың барлығы да Хасан Шаяхметұлының жаны таза, қарапайым, халықтың тұрмысына шынайы қызығушылық танытатын, кішіпейіл бола тұра нағыз басшыға тән мінезге ие өз заманының дара тұлғасы болғанын атап өтеді. Қазақ халқына тән батыр тұлғасы, кесек дене бітімі, бет-әлпеті, ашық батыл айтылатын ой-пікірі, адалдық, әділеттік қасиеттері барлық адамның бойында біркелкі кездесе бермейтін құбылыс. Қызылордаға келгеннен кейінгі үлкен жиын-алқада: «Жолдастар, күріш дақылының қырсырын білемін деп айта алмаймын, бұл құдайы шындығым, сондықтан егіндер, өсіріндер, тек сол үшін не қажет, не керек – жер, су, техника, қаржы, тыңайтқыш, тағы басқа мәселелердің барлығын шешіп беремін. Ал егу, өсіру, баптау, жиып-теру технологиясы қолдарыңда» дегені сол мінездің белгісі болса керек.

Тағы бір жайт. Қазақстан Компартиясының кезекті съезіндегі: «Қашанғы Қызылорда облысының территориясы ақтаңдақ болып қала береді. Жезқазған, Ақтөбе, Шымкент, мынау тұрған Кентауда жерасты байлығы мол, біз ақ тақырдың үстінде отырғандаймыз. Мұның бір-ақ себебі бар, Қызылорда жерінде байлық жоқ емес, зерттеуге, ыстық-суығына көнетін, шыдайтын азаматтардың болмауында, ондай адамдар табылғанымен құлықсыздығында. Біз облыстың жерасты байлығын жүйелі, мақсатты түрде зерттеуге қаржы бөлуді Қазақстан Үкіметінен, Қазақ Ғылым Академиясынан талап етеміз» деген ой-пікірі мақсатына жеткізгені аян. «Шалқияның», «Құмкөлдің», Шиелідегі кен көздерінің ашылуы – сол еңбектің жемісі. Бұған Ғылым Академиясының Президенті Шахмардан Есенұлының ғалымдармен келуі, обкомның мәжіліс залында зиялы қауыммен кездесуі толығымен айғақ.

Х.Бектұрғанов өте іскер, партия жұмысын жақсы білетін, жоғарыға мәселені батыл да нақты, нанымды етіп қойып, сөзін өткізе білетін басшы болды. Ол облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келгенге дейін аупарткомның бірінші хатшыларынан бір ақ кісі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болатын. Бектұрғановтың кезінде екі аудандық және қалалық партия комитетінің бірінші хатшылары депутат болып сайланды. Ол кісі орыс тілінде тәрбиеленіп, білім алса да барлық жиналыстарды тек қазақ тілінде жүргізетінімен есте қалған. Мұндай мысалдар айта берсе жеткілікті.

Бектұрғанов үлкен құрылысты бастау, жоспарға енгізу, ақша тауып берудің маманы еді. Қазақстанда беделді болды, Кеңес одағынын министрлерімен жақсы жолдас болып көп мәселесі оңай шешетін.

Оның кезінде өндірістік құрылыс базасы, темір-бетон, кірпіш зауыттар, ағаш өңдеу комбинаты салынып, жаңа трестер, құрылыс басқармалары, жылжымалы механикаландырылған колонналар (ПМК) құрылды. Сондай-ақ Қызылорда мен Ленинск қаласын, аудан орталықтарын абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Облыс орталығында алғашқы аэродром салынып, жаңа авиарейстер ашуға қол жеткізілді. Білім беру және денсаулық сақтау салалары дамыды. Колхоздардың күріштік жерін тегістеу орталығын салуға да Үкіметтен ақша бөлініп, соның арқасында 1969 жылы Сыр бойында күріш бітік өсті.

Ол кісінің облыс атын Қазақстанға кең жайып, бүкіл халықтың, жастардың талап-тілегіне, әсіресе спорт мәселесіне баса назар аударды. 1967 жылы Қазақстанда жаңадан құрылған футбол лигасына қатысу үшін футбол командасы құрылды. Сырттан жаттықтырушылар, жастар шақырылды. Облыс орталығы, Ленинск (Байқоңыр) қаласының барлық мүмкіндіктері есепке алынды. Команда құрылды, тіркелді, жарыс кестесіне қосылды. Республика бойынша 21 команда болды. Бірақ, стадион жоқ. Бары «Локомотив» спорт алаңы, тастақ жер. Бірінші ойын сонда басталған. Жықпа-жығылма сәттер, бірақ жығудан жығылу көп болған. Дегенмен, жыл аяғына дейін жарысқа қатысып шықты. Республикадағы командалардың ішінде, айтуға ұят болса да, амал жоқ, шындықтан қашып құтыла алмайсың, қызылордалық футболшылар соңғы 21-орын алды. Келесі 1968 жылы құрамада қалу үшін Кентауда іріктеу матчында жеңіске жеткен команда үшін стадион өте өзекті мәселе еді.

Хасан Шаяхметұлының тапсырмасымен жаңа стадионның жобасы дайындалып, қаржы көзі айқындалады. Көктем шыға ерекше қарқынмен құрылыс басталды. Стадион құрылысының прорабы – обкомның бірінші хатшысы. Шымкенттен аланға төселетін көк шым тасылды, жарық қойылды, су, жылу, канализация жүйелері салынды. Небәрі 1-1,5 жылға жетпейтін мерзімде ыңғайлы, сұлу, он мың орындығы бар спорт кешені бітті. Жанынан екі үлкен залы бар спорт мектебі бой көтерді. Мұның барлығы стадион құрылысының бірінші кезеңі деп таныльды. Міне, сол уақыттан бері Қызылорда футбол орталығына айналды. Жылдан-жылға командамыз тәуір ойнап, жоғары орындарға ие бола бастады. Шымкент, Жамбыл сияқты облыс командаларын үйде де, сыртта да жеңіп, халыққа қуаныш сыйлады.

Екінші жылы Хасан Шаяхметұлы Мәскеуге Жоғарғы Кеңестің сессиясына барғанда Одақтың спорт комитетінің төрағасы Павловқа кіріпті. Павлов: «СССР тарихында спорт комитетіне футбол, т.б. мәселелерімен қабылдауға бірінші келген обком хатшысы, КПСС Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғары Кеңесінің депутаты сізге, Хасан Шаяхметович, біздің барлығымыз қызмет жасаймыз. Керектеріңізді еш жақтан іздемеңіздер, спорт комитеті тапсырысын, талабын (не керек, қанша ауқымда, түрүсі, бойы, ені дегендей) берсе болды, өз фабрикаларымызда дайындап, жеткізіп береміз» деп мәлімдепті. Бұл толық шындыққа айналды. 1960-жылдардың аяғы, 1970-жылдардың басында Қызылордаға кестеге сай ойнайтын командалардан тыс «Қайрат», «Пахтакор», «Ростов», «Харьков», «Москва» командалары жиі келетін. Мәскеуден «Спартак» келгенде Қызылордада үлкен спорт мерекесі болды. Он мың орын жанкүйерлерге жетпей, ойын алаңын жан-жағынан мыңдаған адам қоршап алды. Өте қызғылықты өткен доп додасы тең аяқталды.

Майдангерлер арасында «Онымен бірге барлауға баруға болады» деген сөз бар. Бұл теңеуді әдетте қиын-қыстау шақта жолдасын жауға тастамайтын сенімді адамдарға ғана қатысты айтады. Хасан Шаяхметұлы шын мәнінде, осындай теңеуге лайық, жаратылысынан батыл да батыр тұлға. Соғыстың алғашқы кезеңінде барлаушылармен бірге бірнеше жау тылына барлауға шығып, «тіл» алып келуге қатысқан. Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант В.Бойко өз мемуарында «Жауынгерлердің арасында аға лейтенант Хасан Бектұрғанов ерекшеленіп көзге түсетін. Оның жастарға тән ән салып, қызықты әңгімелер айтатынына қарап, соғыстың қатал кезеңдерін көрмеген бе деп ойлап қаласың. Ал, шын мәнінде, ол Мәскеу түбіндегі шайқастарда ауыр жараланып, госпитальден кейін біздің армияға түскен. 54-гвардия полкінің комсоргі ретінде Духовщинаны азат ету ұрыстарында шабуылға шығып бара жатқан батальонның алдыңғы шебінен табылатын. Бектұрғанов сондай-ақ Витебскіні азат ету барысында да көзге түсті, онда ол танк десантымен бірге Лучесу өзенінен өткен алғашқылардың бірі болды. Дивизияда Хасанды тек батырлығы үшін ғана емес, сонымен бірге жастардың белсенді көшбасшысы ретінде бағалады» деп жазады.

Калининград түбіндегі ұрыстардың бірінде Бектұрғанов ауыр жараланып, қансыраған күйде соңғы күшін сарқа, өзіміздің шепке қарай жайлап жылжи бастайды. Ол жолда басынан жараланып, қозғалуға шамасы келмей жатқан қарулас досы Иван Малинконы көреді. Ол жолдасын тастамай сүйретіп алып шығады. Екеуі өмірінің соңына дейін дос болып, отбасыларымен қатысып тұрды.

Тың игерген өңірде жұмыс істеп жүрген кезде арақ ішіп, қолына пышақ алып райкомға келген маскүнемдерді тыныштандырған сәттері де болды. Кейін Жамбыл қаласындағы колонияда жазасын өтеушілер ереуілге шығып, күзетте тұрғандардың қаруын тартып алып, өздерінің талаптарын қояды. Колонияны құқық қорғау органдары қызметкерлері мен қарулы әскер қоршауға алған болатын. Облыс басшысы Бектұрғанов шабуыл жасауға рұқсат бермей, жалғыз өзі кіріп, олармен сөйлесіп шығып, күрделі ахуалды қалыпты жағдайға түсірген еді.

Хасан Шаяхметұлының есімі кеңестік Қазақстанның барша маңызды дерлік тарихи кезеңімен байланыстырылады. Дінмұхамед Қонаевпен үзеңгілес болған ол партиялық қызметіне аса жауапты азамат болды. Негізінде, Қонаевтың қанатының астында тәрбиеленген кадрлардың басым бөлігі соғыста шыныққан, кеңестік билік пен өздеріне сеніп тапсырылған іске шексіз берілген адамдар еді. Олардың жетекшілігімен республиканың халық шаруашылығы дамып, жаңа мектептер мен ауруханалардың, институттардың есігі ашылып, құрылыс индустриясы қалыптасты, ауыл шаруашылығы жанданды. Ол кезең Қазақстан экономикасының бір жүйеге келіп, дамудың даңғыл жолына түскен жылдары екенін ешкім жоққа шығармайды.

«Хасан сыртта қатал басшы болса, үйде қамқор әке болды. Бірде қызмет бабымен үйіне бара қалсам, немерелерін өз қолымен жуындырып жатыр екен, соны көріп бір таңдай қаққаным бар» деген еске алу жолдарын кездестірдік. Жұбайы Мәрия Шәкірқызы ақкөңіл, кеңпейіл, дастарханы мол жан болды. Ұл-қыздары, күйеу балалары, келіндері – бәрі де жоғары білім алған, өнегелі отбасы иелері.

Өмірдің күрделі де жауапты кезеңдерін бастан өткерген Х.Бектұрғанов – жалғыз Қазақстанда ғана емес, КСРО аумағында ізі қалған саяси тұлға. Халқымызда «Таулар алыстаған сайын биіктей береді» деген қастерлі сөз бар. Олай болса, нар жүгін көтерген, халқымыздың аяулы перзенті Хасан Шаяхметұлының парасаты мен пайымы, шуағы мен шапағатының алысқа кетері ақиқат.

Өткенін ұмыту – өсер елдің тірлігі емес. Қазақ жұрты жақсысын есінен ешқашан шығармаған. Ел тарихында терең із қалдырған тұлғаларды халық арасында насихаттап, оған сәйкесінше баға бергеніміз – өткенге құрмет, тарихқа тағылым еткеніміз.

Хабарландырулар

«Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 58-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес 16.03.2022 ж. 11 сағат 30 минутта Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би к-сі, 50 ғимаратында «Арал шөгінді бассейніндегі Восточный учаскесі бойынша тығыздығы 20 км х 20 км 2000 км көлемінде геологиялық-геофизикалық зерттеу (2D сейсмикалық барлау)» объектісі бойынша жұмыстар жүргізу жобасына және Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz. сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ar.zholdasbekova@korda.gov.kz электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09

Жеке конференцияның идентификаторы: 528 066 4063.

Кіру коды: 1234.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай арқылы алуға болады: Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93, bulegenov85@mail.ru

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы «Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ. Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Азимут Геология» ЖШС. 100019, Қарағанды қ., Сәкен Сейфуллин даңғылы, 105, тел/факс: 8(7212) 30-57-80, 30-57-81. azim2001@mail.ru

***

«Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 58-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес 16.03.2022 ж. 09 сағат 30 минутта Қызылорда облысы, Арал ауданы, Мергенсай ауылдық округі, Жалаңаш ауылы, Жалаңаш көшесі 117 мекенжайында «Арал шөгінді бассейніндегі Западный учаскесі бойынша тығыздығы 20 км х 20 км 2500 км көлемінде геологиялық-геофизикалық зерттеу (2D сейсмикалық барлау)» объектісі бойынша жұмыстар жүргізу жобасына және Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz. сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ar.zholdasbekova@korda.gov.kz электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09

Жеке конференцияның идентификаторы: 528 066 4063.

Кіру коды: 1234.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай арқылы алуға болады: Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93, bulegenov85@mail.ru

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы «Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ. Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Азимут Геология» ЖШС. 100019, Қарағанды қ., Сәкен Сейфуллин даңғылы, 105, тел/факс: 8 (7212) 30-57-80, 30-57-81. azim2001@mail.ru

***

«Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 58-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес 15.03.2022 ж. 11 сағат 30 минутта Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық округі, Жөлек ауылы, М.Рүстем көшесі 43 мекенжайында «Сырдария шөгінді бассейнінде тығыздығы 20 км х 20 км 3100 км көлемінде геологиялық-геофизикалық зерттеу (2D сейсмикалық барлау)» объектісі бойынша жұмыстар жүргізу жобасына және Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz. сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ar.zholdasbekova@korda.gov.kz электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09

Жеке конференцияның идентификаторы: 528 066 4063.

Кіру коды: 1234.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай арқылы алуға болады: Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93, bulegenov85@mail.ru

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы «Оңтүстікқазжерқойнауы» ӨД РММ. Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қ., Абай даңғылы 191 үй, тел.: 8-727-376-41-93.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Азимут Геология» ЖШС. 100019, Қарағанды қ., Сәкен Сейфуллин даңғылы, 105, тел/факс: 8 (7212) 30-57-80, 30-57-81. azim2001@mail.

Жайыңыз жұмақ болсын, әке

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Айдарлы ауылының тумасы, ардақты әкеміз Сейтпанов Абай Қалдыбайұлынан айырылғанымызға қырық күн де өте шықты. Аңқылдаған аңғал жүзіңіз, мейірімге толы сөздеріңіз бен жылы құшағыңыз мәңгілік жүрегімізде...

Әкеміз өте еңбекқор, адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойына сіңірген, жаны жайсаң, дара болмысымен елге сыйлы еді. Отыз жыл отасқан асыл анамызбен балаларына адамдықтың негізін саралап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, өнегелі тәлім-тәрбиемен сусындатып өсірді. Парасаттылығымен ерекше әкеміз отбасына берік, туған-туысқа қамқор, дос-жаранға адал, жаны жомарттығымен ел есінде сақталары сөзсіз.

Әкеміздің осындай адами құндылығы Алла алдындағы бейнесін жарқын қылғай деп дұға етеміз.

Өзегім өртенеді, әке, менің,
Анаммен өсірдіңіз, мәпеледің.
Үзілерін білгенде үмітімнің,
Қадіріне қалай да жетер едім.
Сақталдың дара болып ел есінде,
Айналдың әкелердің төресіне.
Жайыңыз жұмақ болсын, жаным, әке,
Келместің міне кеткен кемесіне... – деп қаяу түскен көңілімізді әкеміздің жарқын бейнесін еске ала отырып емдейміз. Жаным, әкешім, мәңгілік сағынышым! Жаның жәннаттық болсын, қорғаным!

Ағайын-туысқа әкеміздің қырық күндігі Айдарлы ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі, 30-үйде өткізілетінін хабарлаймыз. Қонақасы 11 ақпанда сағат 17.00-де, асы 12 ақпан күні сағат 12.00-де беріледі.

Сағынышпен еске алушылар: **зайыбы мен балалары.**

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

ТӘРБИЕ ТІНІ

Балабақшадағы тұз шахтасы

Кейінгі жылдары әлемді шарлаған індет адамдардың жаңа идея тудыруына, күнделікті жұмыстарына жаңалық енгізуге түрткі болды десек, қателеспеміз. Өйткені технология дамыған заманда еш әрекетсіз отыра беруге әсте болмайтын еді. Міне, соны ескерген Қызылорда қаласындағы № 5 «Шаттық» балабақшасы бүлдіршіндерге арнап «Тұз шахтасы» емдік кабинетін іске қосты. Бұл мұндай кабинетті облыста ашқан алғашқы балабақша екенін де айта кеткен жөн. «Балалар жылында» жүзеге асырылған тың жаңалық деуге тұрарлық.

Бүлдіршіндер арасында ауруды болдырмаудың бірден-бір жолы – тұз шахтасын ашу. Балабақша меңгерушісі Гүлден Сапабекова осы идеяны жүзеге асыру үшін тыным таппаған.

Бізде ерекше күтімді қажет ететін 46 бала бар. Әр баланың денсаулығы бірінші орында тұрады. Сондықтан осындай бөлме ашуды қолға алдық. Мұнда әр топтағы балалар келіп, 10 минуттай ішінде ойнайды. Алдымен бөлмені желдетіп аламыз. Одан кейін тұз қоспасы бар арнайы құрылғы тоққа қосылып тұрады. Сол тұзды ауаны жұту балаларға өте пайдалы, – дейді меңгеруші.

Бүгінде психологтар баланың саусақ ұшындағы ұсақ моторикасын дамытуда құммен ойнаудың маңызы зор екенін айтады. Бұл да сол секілді. Бөлменің қабырғалары түгел тұздан тұрады. Жерге төселген тұзда әртүрлі ойыншықтармен ойнау да балаларды зеріктірмейді. Мұндай бөлме түрлі респираторлық және тері ауруларына шалдыққандарға ем екенін білеміз. Бір дерек келтіре кетейік. Польша дәрігері Боцковский Украинаның Краков қаласындағы Величка тұз шахталарында тұз өндірушілердің денсаулығының жақсы екенін бақылап, зерттеген екен. Тұз терапиясының тағы бір артықшылығы, көңіл-күйді жақсартуға көмектесетін иондарға бай екені де дәлелденген. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құрылғанына биыл 50 жыл толып отыр. Он жылдай осы білім беру ұйымын басқарған Гүлден Жантасқызының басшылық қызметтегі іскерлігі, ұйымдастырушылығы, креативтілігі көпке үлгі деуге болады.

– Балалармен жұмыс жасағаныма 36 жылдай уақыт болыпты. Кейінгі 10 жылда осы мекеменің меңгерушісімін. Алғашында №5 «Шаттық» балабақшасында ерекше күтімді қажет ететін 36 балаға арналған үш топ ашуды ұйымдастыру жобасын 2018 жылы бастаған едік. Қаладағы педагогикалық-медициналық-психологиялық кабинеттермен байланыс орнаттық. Ондағы мамандардың кеңесіне жүгіндік. Бізге келетін тәрбиеленушілердің контингентін саралап, тұжырымдама беретін. Сөйтіп сөйлеу есту және көру мүшесінде кемшілігі бар, ерекше күтімді қажет ететін бүлдіршіндерді денсаулығы қалыпты балалармен бірге тәрбиелеуді бастадық. Сурдопедагог, ифлопедагог, окулист, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, дене шынықтыру нұсқаушысы мамандарын қызметке қабылдадық. Арнайы кабинеттер ашылып, емдік-түзету аппараттары, дидактикалық ойындар алынды. Ерекше күтімді қажет ететін балалар келе бастағанда оңай болмады. Құлағы естімейтін, екі көзі көрмейтін заңғар, аутист, Даун синдромы, қимыл-қозғалысының бұзылысы бар балалармен жұмысты ойдағыдай жүргізе аламыз ба деген іштей қорқыныштың болғанын жасырмаймын. Өйткені, қаладағы мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында инклюзивті топтардың болмауы себепті, қалыпты және ерекше күтімді қажет ететін балаларды бірлесіп оқыту тәжірибесі жоқ еді. Бастапқыда кімнен кеңес, үлгі аларымызды білмедік. Жан-жақты ізденуге тура келді. Ғаламтор ақтардық. Мамандардың тынымсыз еңбегінің арқасында туындаған мәселелер шешімін таба бастады. Ал бүгінде инклюзив топтары бар мекемелерге іс-тәжірибемізді үйретіп, ақыл-кеңес беруге жарап қалдық. Бір айта кетерлігі, жетістікке жету үшін, ең бірінші, сол ерекше күтімді қажет ететін баланың ата-анасымен тығыз байланыс орнату керек. Соның нәтижесінде балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну, оқуда жетістікке, жақсы өмір сүру деңгейіне дейін жеткізуге болады. Өйткені, ерекше күтімді қажет ететін балаларды қалыпты балалар тобында тәрбиелеу, олардың өзін-өзі бағалауын жоғарылатып, өздерін ешкімнен кем санамай, тең көруіне де мүмкіндік береді, – дейді балабақша меңгерушісі.

Қазір балалардың көбі гиперактивті болғандықтан, оларға қарау да қиын. Тынымсыз қозғалатын кішкентайлардың соңына бір адам керек-ақ. Ал денсаулығында кінәраты бар балаға қарау ата-анаға екі есе күш түсіретіні белгілі. Сондықтан ата-аналар ерекше күтімді қажет ететін балаларын осындай сенімді мамандардың қарауына қалдырып, жұмысқа қосылуға да мүмкіндік алып отыр.

Қуанса, бала қуансын. Мүмкіндігі шектеулі баласының дені сау қатарымен тең өскенін көру – ата-ана үшін бір бақыт. Мемлекеттен көрсетілетін қызметтің игілігін көріп, нәтижелі жұмыстың жемісін татып отырған олардың қуанышы бір төбе. Ендеше «Балалар жылында» басталған игілікті іс берекелі болсын дейміз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Асыға күткен Ақ Олимпиада

Қысқы спорттың жеті түрінен 109 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Жарыс Бейжің орталығы, Яньцинь және Чжанцзякоу секілді үш аймақта өтеді. Айта кетсек, Яньцинь – астаналық қала маңындағы аудан, ол бас шаһардан солтүстік-батысқа қарай 80 шақырым жерде орналасқан. Онда Ұлы Қытай қабырғасының әйгілі бөліктері саналған Бадалин мен Джунгугуан келушілер қызығушылығын арттыра түседі. Онда шаңғы, бобслей, скелетон және шана спортында медаль сарапқа салынады.

Ал Чжанцзякоу солтүстік-батысқа қарай көршілес Хэбэй провинциясында орналасқан. Онда танымал Чунли қысқы курорты бар. Бұл жерде сноубординг, шаңғы спортының барлық түрі және биатлон жарыстары болады.

Олимпиада ойындарына барлық қатысушылар мен арнайы қонақтарына олимпиадалық аумақтан себепсіз шығуға тыйым салынған. Алайда, Халықаралық олимпиада комитеті жаңа ереже бойынша атлеттерге тәртіп жеңілдетілген. Онда коронавирус жұқтырған науқаспен байланыста болған азматтар карантинге 14 күн емес, 7 күнге жіберіледі. Алайда, олар күніне екі рет ПТР-тест тапсыруға міндетті.

Бейжің Олимпиадасын ұйымдастыру комитеті спортшыларға маска тағу бойынша ережені қатаң сақтауды ескертіп отыр. Барлық спортшы карантин талаптарына сәйкес маска тағып жүруге тиіс. Ал жүлдегер атанған спортшыларға марапаттау кезінде маска шешуге рұқсат етілді.

Олимпиадашылармен бірге Қытайға спорттық дәрігерлер де аттанды. Олар вирусты инфекцияға қарсы емдеу шараларын жүргізеді. Ойынға қатысушылар осыған дейін міндетті талаптарды сақтайды. Ол міндеттер – ұшар алдында карантинге жату, күн сайын вирусқа тест тапсыру, геолокацияны бақылап отыратын мобильдік қосымшаны қолдану. Қатысушылардың бәрі қатаң тәртіпті сақтады. Қытайдағы барлық олимпиадалық нысандар QR код бойынша кіргізеді.

Бейжің Олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арналған тұғыр экологиялық таза және өңделген материалдардан жасалған. Аспан көк түс 2022 жылғы қысқы ойынның негізгі түсі саналады. Сондай-ақ, қар мен мұз да үйлесім тапқан. Тұғырдың үсті спортшылар тайып кетпеуі үшін арнайы материалмен жабылған. Тұғырды тез жинап, тез жаюға болады. Хоккейшілерге арналған тұғыр үлкейеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арналған бойтұмарлар да эксклюзивті түрде дайындалған. Олар негізгі бойтұмарлар – Бинг Двен Двен мен Шуи Рон Рон үлгісінде жасалған. Бойтұмарларды қарағайдан дайындалған гүлдесте, бамбук пен қара өрік әрлендіре түсті. Бұл материалдар табандылық пен жаңа өмірлік күшті, сыйластықты білдіреді.

Ойындарды «Qazaqstan», «Qazsport», «Хабар» және «El arna» телеарналарынан тікелей эфирден көруге болады.

1-бет

БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ: ДОНОР МЕН ҚАРЖЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

– Отыз үш жастамын. Екі балам бар. Газды сусынды (Coca-cola) көп ішетінмін, түнімен кино, футбол қарап уақытылы ұйықтамайтын едім. Екі бүйрек бірдей жұмысын тоқтатып, I топ мүгедегі болып қалдым. Аптасына екі рет гемодиализге қатынап жүрмін. Келетін науқастармен тілдесемін. Кезекте тұрғанына он жылдан асқан жандар да бар екен. Бұл кезекке мен де тіркелдім. Мемлекет донор тауып береді деген үміт жоқ. Шет елде ота жасатуға болады. Бірақ қаражат қол байлайды, – дейді ол.

Көпбейінді облыстық ауруханаының бүйрек аурулары бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты штаттан тыс нефролог Лиза Нұрсұлтанова елімізде донор мәселесі жолға қойылмағанын айтады. Мемлекет назар аударса, мәйіттік донорлар көбейіп, күту парағында тұрған науқастарға қолдау болар еді дейді дәрігер.

– Трансплантауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың облыс бойынша координаторы ретінде елімізде науқастарға донор табу мәселесін заңға енгізу керектігін айтар едім. Донор табу және трансплантация – өзекті мәселе. Бір адамның донор болу туралы шешімі келесі адамды құтқарып қалуы мүмкін. Қайтыс болғаннан кейінгі донорлық мәселесі де жолға қойылмаған. Мидың өлімі болғанына көз жеткізсе де ағзасын алуға жақындары келісім бермейді. Бұл мәселені заңда қайта қарау қажет, – дейді дәрігер.

Бір ғана мысал, бүйрек трансплантациясының саны бойынша Беларусь әлемде үздік 10 елдің қатарында, ТМД елдерінің арасында 1-орында. Ағза трансплантациясы қызметі жоғары деңгейде тұрған бұл мемлекетте күту парағына жазылғаннан кейін операцияға дейінгі уақыт бір жылға жетпейді. Бүйрек трансплантациясын Минск және Беларусьтің барлық облыс орталықтары жүзеге асырады. Мәселен, АҚШ-та жүргізуші куәлігін алған кезде әр азамат «көлік апатына немесе басқа да апатты жағдайға душар болып, өлім аузына түссем, ағзамды донорлық мақсатқа пайдалануға келісімімді беремін» деп қол қоятын көрінеді. Мәліметті орталық базаға тіркеп, қажет болған жағдайда пайдаланады екен.

1-бет

Мәйіттік донорлық дамымай тұр

Алматыдағы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында жыл сайын бүйрек ауруларына байланысты 300-ден астам науқасқа урологиялық ота және 50-60 шамасында бүйрек трансплантациясы жасалады.

– Өкінішке қарай мемлекетімізде қазіргі таңда мәйіттік донордан бүйрек трансплантациясы түрлі себептерге байланысты дамымаған. Мәйіттік донордан трансплантация жасалу өте аз кездеседі. Көбіне отаға өз еркімен келісім берген туыстық донорлар түседі. Оларды протокол бойынша зерттейміз, яғни толық жүрек-қан тамыр, тыныс жүйесін, ішкі ағзаларын, бүйректердің жұмыс атқаруын тексереміз, инфекциялар және ең бастысы реципиентпен үйлесімділік анализдері анықталады. Шетелдік деректер бойынша ауыстырылған бүйректің орташа жұмыс істеу мерзімі 25-30 жылға дейін. Бұл көп факторға тәуелді – донордың жасы және жанама аурулары, реципиенттің жанама аурулары, науқастың отадан кейін дәрі ішу режимін сақтап, күтініп жүруіне де байланысты, – дейді академик, медицина ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Баймаханов kaz.nur.kz тілшісіне берген сұхбатында.

Облыста 75 адам бүйрек салдырған. Олардың 3-іне мәйіттен алынған ағза, қалғанына тірі донор табылған. Қазақстан азаматтарына бүйрек трансплантациясы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тегін жасалады. Өйтсе де, отаға дейін науқастар қомақты қаражат жұмсаған. Шиелілік Ынтымақ Қапаров туыстық донор тапқанның өзінде отаға біраз ақша кеткенін айтты.

– Донор ретінде әуелі әпкемнің, кейін ағамның денсаулығын тексерттік. Қан топтары сәйкес келіп бауырым бір бүйрегін берді. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында барлық анализдері ақылы әрі қымбат. Мен донор тауып тұрсам да, 2 миллионнан аса қаражат жұмсадым. Бұл – қалтаға ауыр салмақ салатын қаржы. Жақын адамдарының бүйрегін беруге денсаулығы жарамаса қайтеді? Бұл мәселе неге мемлекеттік деңгейде шешілмейді? Донор таппаса, қаржы таппаса, өле беруі керек пе? – дейді ол.

Ынтымақ өзінің отадан кейінгі жағдайының жақсы екенін айтады. Дегенмен аудандарда трансплантациядан кейін бақылап емдейтін дәрігерлердің жоқтығы қиындық туындатады.

«Жасанды бүйрек» – жалғыз көмек

Заманмен бірге қарыштап дамыған медицина гемодиализ – жасанды бүйрек аппараты арқылы адам өмірін ұзартып, олардың қоғамнан тыс қалмауына жағдай жасап отыр. Аптасына 3 рет 4 сағаттан бойындағы қанды арнайы қондырғы арқылы сүзіп, қайта құяды. Бүйректің қызметі бұзылған соң басқа ағзалардың жұмысына осылай көмектеседі. Біздің облыста 306 адам гемодиализге қатынайды. «Диаверум Казахстан» деп аталатын шведтік компанияның осындағы филиалы «ID Senim» серіктестігі бүйрек науқастарының қанын сүзгіден өткізеді. Жапониядан әкелінген жаңа қондырғылармен жабдықталған гемодиализ орталығы Қызылорда, Қазалы қаласы және Жаңақорған кентінде жұмыс істеп тұр. Сырқат жандар Қармақшыдан қатынайды.

– Науқастардың жол ауыртпалығын азайту үшін наурыз айында Жалағаш ауданынан да орталық ашылмақ. Гемодиализ сеанстарын уақытылы алмаған жағдайда пациенттерде ентігу, қан қысымы жоғарылауы, қандағы калий мөлшерінің жоғарылауы, азот шлактарының жоғарылауы пайда болуы мүмкін. Бұл оның өміріне қауіп төндіреді. Қауіптің алдын алу үшін жылына 2 рет аймақтық профилактикалық тексеруден өту керек. Негізі мұндай жағдай салқын тию, пиелонефрит, глумерулонефрит, қант диабеті, артериалды гипертензия, бүйректегі тас аурулары (коралл тәрізді тастар), киста, жүйелі қызыл жегі т.б. аурулар тудыруы мүмкін. Бүйрекке қысым түсірмеу, уақытылы ұйықтау, дұрыс тамақтану да маңызды, – дейді гемодиализ орталығының меңгерушісі Жанна Сыбаева.

Бүйректі сатып алуға бола ма?

«Сәлеметсіздер ме? Мен еріксіз өз бүйрегімді сатуға мәжбүрмін. Тез арада ақша керек. Жасым 20-да, денім сау, темекі тартпаймын». Ғаламторды ашсаңыз, осындай бүйрегін саудалағандардың жарнамасынан көз сүрінеді. Қара нарықта бүйректің бағасы 160000 АҚШ долларынан жоғары. Науқас пен донордың арасында делдалдар да бар. Әсіресе Пәкістандықтар кедейіктен бір бүйрегін ашық саудаға салуға кіріскен. Заңсыз трансплантация жасайтын жасырын емханалар ашылып, шет елден келушілер көбейген. Жасыратыны жоқ, трансплантацияның күту парағына ілінген жандар бүйрек сатып алғысы келеді. Біздің елімізде өз бетінше донор іздеп, оны саудалауға тыйым салынған. Қылмыстық кодекстің 116 - бабы (Тірі адамның органын трансплантациялау немесе пайдалану мен заңсыз тіндерді алу, сондай-ақ тірі адамның органдары және тіндерімен заңсыз әрекеттер жасау) бар.

Мәселеге назар аударсақ, әлдебіреулердің өзімізде болмаса көрші елдерге барып, бүйрегін сатпасына ешкім де кепіл бола алмайды. Ал бүйрегін ақшаға сатып мүгедек болған жандар еңбекке жарамсыз болып қалады. Елдегі мүгедектердің саны өссе, жұмыс күші де бәсеңдейді. Сондықтан бүйрек трансплантациясы туралы заң қабылдау қажет. Донор мәселесі шешімін таппай, бүйрек аурулары арта түсуде. Гемодиалез орталығына қатынап жүрген науқастардың дені жастар екенін байқадық. Бұл жастардың өз денсаулығына бей-жай қарайтынын көрсетті. Дәрігерлер бүйрек ауруларының алдын алу маңызды екенін ескертеді. Жүйелі түрде тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаға барып, профилактикалық тексерулерден өту қажет. Бүйрек аурулары анықталған жағдайда қажетті емді кейінге қалдырмай, ауруды асқындырмай дер кезінде дәрігердің көмегіне жүгінген абзал. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын тапқан дұрыс.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26302 Тапсырыс №157 Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**